Әділет

# 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбекті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 148-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбекті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 148-ө өкімімен
бекітілген

## 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбекті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік органдар | Орындау мерзімі | Нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің сапасына, әзірлену және |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | енгізілу уақтылығына жауапты адам |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А.Д. Құрманғалиева |
| 2. | Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен оларға сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А.Д. Құрманғалиева |
| 3. | Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар азаматтық қызметшілерінің, қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А.Д. Құрманғалиева |
| 4. | Тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 5. | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтары күшінің жойылды деп тану туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 6. | Жұмыс берушінің еңбек нормаларын, еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді, қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай және (немесе) салааралық, үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 7. | Әкімшілік персоналға жататын қызметкерлер лауазымдары атауларының тізбесін бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 8. | Көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдарда еңбек нормаларын ұсыну, қарау және келісу қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| | Көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. | енгізілетін ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бойынша өлшемдерді ұсыну, қарау және келісу қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А. Д. Құрманғалиева |
| 10. | Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының біліктілік анықтамалығын және ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, қайта қарау, бекіту және қолдану қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 11. | Оларда жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 12. | Еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 13. | Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А. Д. Құрманғалиева |
| 14. | Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 15. | Ұйымда кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы қараша | Б.Б. Нұрымбетов |
| 16. | Еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 17. | Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| | Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен | | ДСӘДМ | | Б.Б. Нұрымбетов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18. | көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | | 2015 жылғы желтоқсан | |
| 19. | Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 20. | Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті кезеңдік аттестаттау қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 21. | Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 22. | Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 23. | Еңбекке уақытша қабілетсіздік бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау мен төлеу қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А. Д. Құрманғалиева |
| 24. | Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру қағидаларын бекіту туралы, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 25. | Жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін, емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ Қаржымині | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 26. | Алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ Қаржымині | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 27. | Жұмыс берушінің қызметін декларациялау қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 28. | Ұжымдық еңбек дауларын есепке алу нысанын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 29. | Техникалық қызмет көрсетуді және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 30. | Бақылау субъектісіне бару критерийлерін бекіту туралы | Бірлескен бұйрық | ДСӘДМ ҰЭМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 31. | Мемлекеттік еңбек инспекторлары актілерінің нысандарын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 32. | Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға актілерінің нысандарын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 33. | Кәсіби стандарттарды әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | Б.Б. Нұрымбетов |
| 34. | Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесін бекіту туралы | ДСӘДМ бұйрығы | ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | А.В. Цой |
| 35. | Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы | бұйрықтар | уәкілетті мемлекеттік органдар, ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | жетекшілік ететін вице-министрлер, жауапты хатшылар және басқа да уәкілетті лауазымды тұлғалар |
| 36. | Азаматтық қызметшілерді аттестациядан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы | бұйрықтар | Уәкілетті мемлекеттік органдар, ДСӘДМ | 2015 жылғы желтоқсан | жетекшілік ететін вице-министрлер, жауапты хатшылар және басқа да уәкілетті лауазымды тұлғалар |
| 37. | Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы | Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің қаулысы | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО | 2015 жылғы желтоқсан | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСӘДМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі;

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ЖАО - Жергілікті атқарушы органдар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК